

Кыргыз
Базмехане

2013

Найы БАЗЫЛУСАН

КР БҒМ Ғылым комитеті

ресеплекші ғылыми қызметкері

КӨНЕ ТҮРІК ДӘУІРІНІҢ КЕЙБІР ЭТНОМӘДЕНИ
АТАУЛАРЫ ЖАҒЫНДА

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

№1 (43)
2013



Нәпіл БАЗЫЛХАН

ҚР БҒМ Ғылым комитеті

Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының
жетекші ғылыми қызметкері

КӨНЕ ТҮРІК ДӘУІРІНІҢ КЕЙБІР ЭТНОМӘДЕНИ АТАУЛАРЫ ЖАЙЫНДА

Bediz > бедіз > бәдіз¹ – көне түрік сөзі. Көне түріктерде тастан жасалынған бейнелерді, мүсіндерді атаған. Оны мәрмәр, құмдақ, гранит және т.б. тас түрлерінен арнайы бәдізшілер, тас шеберлері, тас шабушылар жасады. Сөздің төркіні «bet- >бет- // bed-> бед-» түбірлерімен «бет, бедер, бейне, бой, дене, тұлға» деген семантикасымен ортақ мағыналы болып келеді. Демек көне түрік тілінде «бәдіз» деген «адамның немесе жануардың бейнесін тастан шауып жасағанын», «**bediz urturtum**» «бәдіз ұрғыздым» деп атаған².

Байырғы түріктердің жерлеу орындары мен ғұрыптық кешендері болды. Археологиялық және т.б. деректерге қарағанда, өлікті өртеуі сирек, ал оны ат әбзелдерімен көміп жерлеу салты кең таралған. Сонымен қатар өлікті өртеп «кіндік қаны тамған жеріне» топыраққа көмген немесе құпия бір жерге жерлеген соң, оған арнайы ғұрыптық кешендер салған. Мұнда өлікке арналған бәдізді арнайы тастан шауып жасап орнатқан. Осылайша адам мүсінін жасаудың, яғни бәдіз қашаудың себебі өліктің аруағына тағзым ету, ас беру, жиын жасау секілді этноғұрыптық жосындарды орындау болды.

Көне түріктерде 1. қағандардың (Татпар қаған, Білге қаған және т.б.), 2. билік иелердің (Тұнықұқ, Күлі-чұр және т.б.), 3. қарапайым адамдардың

1 Қазіргі қазақ тілінде «Бәдіз – тастан шауып жасаған мүсін», Бәдізші – зат. көне. «Тас қашаушы, тас өрнектеуші, безеуші, шабушы шебер», «Тастан мүсін жасап, тас өрнектеуші адам» / Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2 том. Б-Г. Алматы, 1976. – 183 б.; Қазақ тілінің сөздігі. Алматы, 1999. – 90 б.

2 Самашев З., Базылхан Н., Баяр Д. Древнетюркские каменные изваяния Евразийских степей // Мәдени мұра. Культурное наследие, 2009. № 1 (22) қаңтар-наурыз. – Астана. – С. 30-39б.б.

деген үш түрлі бәдіздері ерекшеленеді. Олардың көркемділігі мен көлемі көне түрік қоғамындағы белгілі бір тұлғаның әлеуметтік дәрежесіне тікелей байланысты болды. Сондықтан да ғұрыптық кешендердің көлемі, онда қашалынып қойылған бәдіздердің өлшемі әртүрлі. Қағандарға арналған ғұрыптық кешендерде қағанның малдас құрып отырған бәдізімен қатар оның зайыбының, туған-туыстары мен қызметшілерінің бейнелері, сондай-ақ кешен құрамына арыстан, бөрі, киік, қошқар, қой және т.б. жануарлардың тас бейнелері де арнайы жасалды. Ондағы балбалдар саны өте көп болады. Ал билік иелерінің ғұрыптық кешендерінде бір-екі бәдіз ғана қойылды. Қарапайым ғұрыптық кешендерінде бір ғана бәдіз немесе өңделген биік тас тұрғызғандары кездеседі.

Көне түрік дәстүрі бойынша бәдіздер ғұрыптық кешеннің шығыс тарапында бет жағымен күншығысқа қарай орнатылды, одан кейін балбалдар тізбегі қойылды. Сол замандардағы бәдіздерден байырғы түріктердің этномәдени болмысынан мол хабар алуға болады. Бәдізде адамның бөрік-тымағы, тон-шапаны, сақал-мұрты, шаш-бұрымы, белдік-белбеуі, әшекей-бұйымдары, қару-жарақтары, ыдыс-аяқтары секілді заттары көркем бейнеленеді. Бұл бәдіздердің хронологиясы, этникалық тегі секілді ерекшеліктерін аңғартып тұрады.

Жалпы, көне түрік дәуірінің (VI–VIII ғасырлар) мүсін өнерінің ерекше туындысы аталмыш бәдіздер Еуразия даласында кең таралған. Онда Моңғолия, Алтай, Хакасия, Тыва, Қазақстан, Қырғызстан, Шығыс Түркістан және т.б. жерлерде молынан (2 мыңнан астам) кездеседі³.

3 *Евтюхова Л.А.* Каменные изваяние Южной Сибири и Монголии // Материалы и исследования по археологии СССР. М., 1952. №24. – 71-120 с.; *Грач А.Д.* Древнетюркские изваяния Тувы. М., 1961. – 94 с.; *Кубарев В.Д.* Древнетюркские изваяния Алтая. Новосибирск., 1984. – 230 с.; *Войтов В.Е.* Древнетюркский пантеон и модель мироздания в культово-поминальных памятниках VI-VIII вв. М., 1996. – 152 с.; *Баяр Д.* Монголын төв нутаг дахь түрэгийн хүн чулуу. УБ., 1997.; *Баяр Д., Эрдэнбаатар Д.* Монгол Алтайн хүн чулууд. УБ., 1999. – 166.; *Киселев С.В.* Древняя история Южной Сибири. МИА, №9. М.-Л., 1949.; *Худяков Ю.С.* Древнетюркские поминальные памятники на территории Монголии. Древние культуры Монголии. Новосибирск, 1985.; *Jisl L.* Vyzkum Kulteginova pamatniku v Mongolske Lidove Republice. AR. Praha, 1960, XII, №.1; *Toshio Hayashi* Mongoria-nu ishinin. Stone Statues in Mongolia / Bulletin of the National Museum of Ethnology. vol.21. no.1. Osaka, Japan. 1996. pp. 177-283. ; *Итс Р.Ф.* О каменных изваяниях в Сынцзяне // Сов. этнография. – 1952. – № 2.; *Худяков Ю.С.* Древнетюркские изваяния из Восточного Туркестана // Древние культуры Центральной Азии и Санкт-

Түрік дәуірінен кейін «қыпшақ» типті бәдіздер (XI–XIII ғасырлар) кең таралды. Солардың бірі ретінде «Қозы көрпеш – Баян сұлу» күмбезіндегі бәдіздерді Ә.Х. Марғұлан X ғасырларға қатыстылығын тілег тиек етеді.

Қазақтарда «сын тас, кісі тас, тас алып, тас батыр, тас мүсін, мүсін тас, тас ескерткіш» секілді атаулар бар. Оның барлығы көне түрік дәуірінде қалыптасқан аталмыш бәдіз қашау салтының әр түрлі кезеңдердегі атаулары.

Сөйтіп, көне түрік дәуіріндегі бәдіз жасауы өлікті жөнелту, ата-баба аруағына табыну, оны сыйлау, құрмет тұту секілді қатаң ғұрыптық салттарды көрсететін ғасырлар бойында ерекше өнер туындысы болып қалыптасты. Бұл дәстүр қазақтарда ислам дініне орай құлпытас орнатуға ауысты.

«...Сонан не керек, XVI–XVIII ғғ. арасында бұрынғы тас мүсін жасау дәстүрі бүтіндей жойылып, оның орнына арабша жазу түсірген, қойтастар, құлпытастар белең ала бастайды. Құлпытас та төрт бұрышты шарбақтың не там үйдің күнбатыс-солтүстік жағында қадалды. Адам бейнесін тасқа түсіру күнәлі болып табылғанына қарамастан, тас безеуші шеберлер кейде тасты жалпы адам келбетіне жақындата шауып, оны әрбір рудың таңбаларымен, үлгі өрнегімен, қару-жарақпен, жан-жануарлардың кескінімен, жұлдыз суретімен әшекейлеп отырған...» деп жазады академик Ә.Х. Марғұлан⁴.

Петербург: Мат-лы Всерос. научной конф., посвященной 70-летию со дня рождения Александра Даниловича Грача. – СПб.: Изд-во Культ-информ-пресс, 1998. – С. 215 – 219.; *Елеукенова Г.Ш.* Очерк истории средневековой скульптуры Казахстана. Алматы, 1999. – 220 с.; *Байбосынов К.* Жамбыл өңіріндегі тас мүсіндер (Каменные изваяния Жамбылской области). Алматы, 1996. – 176 с.; *Шер Я.А.* Каменные изваяния Семиречья. М.-Л.1966.; *Чариков А.А.* Каменные скульптуры средневековых кочевников Прииртышья // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата, 1980. – С.130-140.; *Ермоленко Л.Н.* Средневековые каменные изваяния Казахстанских степей (типология, семантика в аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения). Новосибирск, 2004.; *Досымбаева А.* Мерке – сакральная земля тюрков Жетысу. Тараз, 2002.; *Досымбаева А.* Западный Тюркский каганат. Культурное наследие Казахской степи. Алматы, 2006.

4 *Марғұлан А.Х.* Сочинения. Том 3-4. Петроглифы Сарыарки. Гравюры с изображением вольчего тотема. Каменные изваяния Улытау. Алматы, 2003. – С.22-45. Иллюстрация №1-153.


Balbal > **Балбал** – көне түрік сөзі. Бұл сөздің құрамы **bal + bal** (соғу, қағу, ұру) > **balbal** екі бөлшектен қайталанып жасалынған. Онда «тасты тіп-тік етіп қадап орнатқан белгілер» деген мағынаны білдіреді. Көне түрік тіліндегі **balya** (балға), **balta** (балта) **balıq** (1. балшық, батпақ, лай 2. қала, қорған, қамал) және т.б. сөздерімен түбірлес «тік кеңістік бойынша тізілу, қадалу, тұрғызылу» деген семантикасымен ортақ мағыналы болып келеді.

Балбал сөзінің этномәдени жөн-жосығы көне түрік дәуірінде (VI-IX ғғ.) айрықша болды. Көне түріктерде өліктің аруағына арналған ғұрыптық кешендері болды. Көне түрік ғұрыптық кешен құрамында арнайы барық-кесене, қорған, сандықтас, мәтін жазылған **бітіктас**, оның тұғыртасы немесе тасбақасы, **бәдіздер** (тасмүсіндер), балбалдар (саны 10-600 данадан астам) және т.б. құрамдас бөлшектері қамтылды⁶. Көне түрік ғұрыптық кешендерінің көпшілігі далалық көшпелі этносаяси бірлестіктердің қаған, тегін, йабғұ, тархан, чұр, түдүн және т.б. билік иелерінің, түрік бекзаттарының құрметіне арналып жасалынды. Қарапайым халықтарға арналғандары да бар.

Осы кешендерде аза тұту, ас беру, жылдығын беру немесе аруаққа бағышталған сый-құрметтері үшін қоғамдық-әлеуметтік ерекше маңызды «**уоуі** > жоқтау» ғұрыптық жосындар атқарылған. Өліктің аруағына тағзым ету үшін, яғни аруағын жөнелтуге және ас беруге қатысқандар өздерінің ел-жерінен әкелген ұзын тастарды, сол өлікке арналған арнайы ғұрыптық кешеннің күншығыс бағытына қарай ара-жігі шамамен біркелкі қашықтықта тізбектеп тігінен орнатқан. Осындай тас тізбектерді көне түрік тілінде «**balbal** – балбал», «**alp erin balbal qisdı** – алып батыр ердің балбалын көтерді//қадады» деп атаған. Балбалдарға өз ру-тайпасының таңбаларын немесе көне түрік бітік жазуымен өз атын, лауазымдық атақтарын жазу салты болды. Демек көне түріктерде **уоуі** > жоқтау рәсіміне қатысқан адамдар өліктің аруағын Тәңірге, көкке ұшырып жіберуге (**uça bar** – ұша баруға, ұшып кетуге) жәрдемдесетін, аруағын құрметтеген белгі ретінде балбал қадап орнатқан.

6 Марғұлан Ә.Х. Ұлытау төңірегіндегі тасмүсіндер // Ежелгі мәдениет куәлары. Алматы, 1966.; Марғұлан А.Х. Сочинения. Том 3-4. Петроглифы Сарыарки. Гравюры с изображением вольего тотема. Каменные изваяния Улытау. Алматы, 2003. – С.22-45. Иллюстрация №1-153.; Археологическая карта Казахстана. Алматы, 1960.; Бейсенов А. Балбал // Түркістан халықаралық энциклопедия. Алматы, 2000. – 173б.


Аталмыш «балбал» сөзінің «тас тізбек, қадаған тас» деген мағынасы қазіргі қазақ тілінде «адам бейнелі тас мүсін»⁷ деген ұғымға ауысып кеткен. Сол себептен бәдізді де (тасмүсінді), тік орнатылған тастарды да «балбал» немесе «сынтас» деп атай бергені қазақтардағы сонау көне түріктік тарихи сабақтастықтың сарқыншағын дәлелдейді⁸.



«Тауешкі, таяқ» таңба мен «Ыш-бара тархан балбалы» деген мәтін қашалған балбал

Моңғолия, Онгин өзені.

Ел етміш йабғұ гұрыптық кешені балбалы.



«Тауешкі» таңбасы қашалған балбал.

Моңғолия, Орхон өзені.

Білге қаған гұрыптық кешендегі балбалдардың бірі

7 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2 том. Б-Г. Алматы, 1976. – 77 б.; Қазақ тілінің сөздігі. Алматы, 1999. – 80 б.

8 Бұл ретте *balbal* – балбал сөзі жайындағы қытай жазба деректерінде кездесетін балбалды «жауынгердің өлтірген жауларының белгісі» дегені, кейбір зерттеулерде «жерлеу, жоқтау, ас беру кезінде аттарын байлайтын тастарды арнайы әкеліп тұрғызған» деп қарастыруы көне түріктердің этномәдени болмысын жете түсінбегендіктен туындаған қате пікірлер. / *Кызласов Л.Р. О значении термина «балбал» древнетюркских надписей // Тюркологический сборник. М., 1966. – С. 206-208.; Древнетюркский словарь. Л.: Наука, 1969. – С.80.; Clauson S.G. An etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish. Oxford, 1972. p 333.*



Көне түрік ғұрыптық кешендегі балбалдар тізбегі

Bitik > бітік – көне түрік сөз, **бітіг, бітік**⁹ – «жазу, сызу, жазба, мәтін, хат» деген мағынаны білдірді. Бітік деген көне түрік тілінде **biti** > біті – «жазу, сызу» деген мәнді түбір морфемадан туындаған. Қазіргі түрік тілдерінде «бітік, бітіг, бижик, пичик, пічік, пытық, бүтүк, бідіг» және т.б. тұлғаларында кездеседі¹⁰. Көне түріктер өздерінің төлтума жазуын

9 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Санкт-Петербург, 1911, том IV, часть 2. – С. 1775-1778.; Марғұлан Ә.Х. Қазақ жазуының тарихы // Жұлдыз. Алматы, 1984. – № 8. – 203-205 б.; Марғұлан Ә.Х. Найман, Керей, Оңгіттердің жазулары // Жұлдыз. Алматы, 1991. – 70-76 б. Академик Ә.Х. Марғұлан «түрік бітік» деп жазған.; Базылхан Б. Эртний түрэг бичээсний хэлний үгийн бүтэц (Көне түрік жазба тілінің сөз құрылысы) Улаанбаатар, 1984. – 57 б. «biti-, bitir-, bitig (bitu, bitiru, bitik)»

10 Көне моңғол тілінде *бічі* – «жазу, сызу» > *бічіг* «жазу», *бічігечи* – «жазушы, бітікші», *бічіглекү* – «жазбалау», *бічімел* – «жазба нұсқа», *бічілге* – «жазу ерекшелігі» және т.б. сөздері туындаған, тұңғыс, манжұр тілдерінде *бічі* – «жазу сызу», *бітіг, бітеше, бітхе, бічхе* «жазу, мәтін», *битхей* «кітап, кітаби», *битхеси* «жазушы». **Біті-, бітік, бітіг, бітіклік, бітікчі, бітігүчі, бітіт** – «жазу, көшіру, сызу» және де **пыч-, пыш-** «кесу, керту, пычак, пышак» және т.б. тұлғалы сөздері бір түбірлес ортақ семантикалық атаулар. Қазіргі түсінікпен айтқанда, пышак пен бітік сөздері мағыналық жағынан

«түрүк бітік» деп атаған. Түрік Елінің ресми жазуы болып табылатын түрік бітік көптеген түрік тектес этностардың тіл-сөйленістерін бір ем-леге, бір тәртіпке ықшамдай білген фоно-морфемдік «әмбебап» жазу.

Түрік Елінде түрік бітік арқылы бұйрық ету, жарлық шығару, үкім жолдау, мөр-таңба басу, елші жіберу, хат алмасу және т.б. мемлекеттік маңызды іс құжаттар жүргізіліп отырды. Қағанның алтынмен апталған таңба-мөрін сақтаушысы – «тамғачы», «алтын тамған тархан», ал іс құжат хатшысы – «бітікші» деп аталды. Түрік билік иелеріне арналған **bitik taş** бітіктас орнату дәстүрі кең таралды. Ел тарихы қағандардың бұйрығымен ұрпаққа аманат ретінде түрік бітікпен қағазға хатталып, тасқа қашалған **bengü taş** «мәңгілік» бітіктастарда бәдізделіп айшықталды. «Мың жылдық түмен күндік бітік жазуыммен біліктілігімді бекем тасқа қашадым» дейді ер жүрек түріктер.

Барлық түрік тектес этностарға ортақ әрі түсінікті түрік бітік тез арада ұланғайыр аймаққа кеңінен таралып әмбебап жазуға айнала білді. Түрік бітіктің кеңістік аумағы бүгінгі Моңғолиядан бастап Алтай, Тува, Хакасия – Енисей, Абақан, Кем өзені, Бурятия – Байкөлі, Лена, Саха, Шығыс Түркістан – Тұрпан ойпаты, Дунхуань, Миран, одан Қазақстан – Ертіс, Талас, Іле, Сыр, Еділ, Жайық өзендері, Ферғана, одан ары солтүстік Кавказ, шығыс Еуропаны қамтиды. Бұл бүкіл Еуразия құрылығын алып жатқан орасан зор аймақ екені белгілі. Көне түрік бітігі бүгінгі түрік тектес этностардың байырғы рухани мәдениетінің куәсі әрі ортақ мирасы болып табылады¹¹. Демек көне түрік бітік – дүние жүзі өркениетіндегі

байланыссыз көрінгенімен, көне түрік дәуірінде тіпті, алтайлық тектіл кезеңдерінде ***pīt-** (**pīt -**, **pīč -**) тұлғалы бір түбір морфемалы болды. Оған +/-**čaq**, **-tik** түбір немесе қосымша морфемалар жалғанып ***pīt+ čaq** > **pītčaq** > **pīčaq** > **bīčaq** (**кескіш, кішкентай зат, пышақ**); ***pīt+tik** > **pītik** > **bītik** > **bitik** (кесілген, кішкентай, бітік, жазу) тұлғасында өрбіді. Сондықтан қытай жылнамалардағы «(солтүстік жабайылар) **ағашты оюлап өрнектеген жазулары бар**, оны шумақтап уәзірлері кеңесте талқылайды» деген деректері аталмыш сөзге қатысты айтылған болу керек. Түрік тілінің басқа тіл-сөйленістерін айтпағанда, қазіргі қазақ тілінде ***pīt-** түбір морфемасы **біз, бет, бедер, бәдіз, быт (быт-шыт ету), бытырлату** және т.б. тұлғалы сөздерде сақталды. // Қараңыз: *Базылхан Н.* Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. –252-б. + 144 бет жапсырма.

11 Тарихи деректанулық тұрғыдан Шивээт-Улаан таңбатасы, Татпар қаған (Бұғыт ескерткіші), Ел етміш ябғұ, Білге қаған, Күлтегін, Тұнықұқ, Ел етміш қаған (Мойынчұр,

шоқтығы биік ірі мұралардың бірі.

Түрік бітік жазуынан кейін түрік этностар орта ғасырлық түрік тіліне икемдеген көне ұйғыр жазуын қолданды. Бұл жазулар Орталық Азия аумағындағы ислам дінінің ықпалы күшті болуына байланысты XIII–XIV ғасырларда қолданыстан біржолата шығып, түрік тектес этностардың жадында сақталмады. Өйткені, қазіргі түрік тектес этностардың аңыз, ертегі және т.б. ауыз әдебиеттерінде, жазба нұсқаларында «**түрік бітік**» жайлы бірде-бір дерек кездеспейді. Махмұд Қашғаридің «Диуани-лұғат-ат түрк» сөздігінде «бітік, бітік бітітті» деген сөздер кездеседі. Бұл еңбекте XI ғасырда түріктер қолданған көне ұйғыр жазуының 18 әрпін¹² араб әріптерімен салыстырып көрсетеді. Демек «**бітік**» сөзі бұл кездерде қолданыста болғаны да анық.

Bitikçi > бітікші – жазушы, хатшы. Көне түрік бітік жазуын игерген, қағанның іс-құжаттарын жасайтын лауазымдық атақ. Бұл атау ортағасырларда ислам дінін қабылдаған түрік этностарында араб тілінің **hat** > «хат, қолтаңба, сызба, сызық» сөзіне ауысып, «іс қағаз жүргізуші, хаткерлікті жасаушы» болып «хат+шы» аталды.

№1 (43)
2013

Тариат ескерткіші), Тэс, Сужи және т.б. бітіктастары мен ескерткіштерінде Орталық Азия тарихына байланысты мол деректер бар. Ал Енисей, Талас ескерткіштерінде тарихи оқиғалардан гөрі эпитафиялық сарындары басым. Тұрфан, Мираннан табылған нұсқаларда діни мазмұны мәтіндер басым кездеседі.

12 Divanü Lugat[^]t-Türk . Kasgarli Mahmud. Tipkibasim / Facsimile. Ankara , 1990. S.5.